

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

№ 37 (522)
14 қыркүйек, 2023 жыл



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

– Қызылордалықтар ұлттық мектептің ашылғанын естіп, қуана да қызыға мектеп туралы білу үшін асықты. Тек қызылордалықтар емес, жалпы қазақ баласы неге ұлттық лицейде білім алуы тиіс?

– Қазір – құндылықтар соғысының заманы. Толассыз жан-жақтан келіп жатқан құндылықтар мен идеологиялардың шайқасынан біздің ұрпақ зиян шегіп жатыр. Бала ең алдымен ұлтын танып, ұлттық тәлім алуы тиіс. Қазақ ұлтының бүгінгі буыны ретінде көзқарасы дұрыс қалыптасу керек. Кешегі алаш заманындағы қазақтың мықты ақыны Мағжан Жұмабаев: "Біз болашақ үшін аянбай серттесе аламыз, егер қазақтың мектебі таза һәм өз жанымызға, қазақтың жанына жақын болса" дейді. Біз осы қазақтың жанына жақын ұлттық мектепті құра аламыз ба деген сұрақ бәрімізге ортақ. Ұлттық идеологиямен қазіргі ұрпақты тәрбиелей аламыз ба? Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту қазақ ұлтының тәуелсіздігінен бастау алуы тиіс. Өйткені "орыстың тәрбиесін алған бала қазаққа қызмет қылып жарытпайды" дейді Міржақып Дулатұлы. Өзгенің тәрбиесімен сусындаған өз ұлтына қызмет қылып жарытпайды. Сондықтан өз ұлтына қызмет ететін ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай білім беріп, ізденуіміз керек. Ұлттық лицейдің үш басты мақсаты, үш тұғыры бар: біріншісі сапалы білім, екіншісі ұлттық тәрбие болса, үшіншісі бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Ұлттық тәрбиені бойына сіңіре отырып, бой емес, білім жарыстыруға ұмтылатын ұрпақ даярлау біздің арман... Сол үшін де ұлттық лицей бүгінгі күннің қажеттілігі деп білемін.

– Сананы тұрмыс билеген заманда білім саласы да бизнестің көзіне айналып келеді. Алайда сіздің мақсат ақшада емес, басқада екенін түсінбейтіндер бар шығар..?

– Иә, білім саласын бизнес көзіне



**Білім – өткен мен бүгінді,
бүгін мен ертеңді сарапқа
салатын сан қилы
қиындығы бар сала.
"Тәрбиесіз берілген
білім - адамзаттың
қас жауы" деп білген
Фараби бабаның сөзін
ескерсек, ұстаздың
қолында бүгін
ұлттың болашағы
мен тағдыры тұр.
Осы орайда химия
ғылымдары
бойынша PhD
докторант, ұстаз,
"Qazbilim" ұлттық
лицейінің негізін
қалаушы Аятжан
Ахметжанұлымен
сұқбаттасқан
едік.**

айналдырып жүргендер де, сан түрлі идеяларды айтып жүргендер де жетерлік. Бұл жердегі басты мәселе - бүгінгі бәсеке мен на-

БІЛІМ САЛАСЫ БИЗНЕСКЕ АЙНАЛУДА

рық за- ма- нында қазақ ұлтының мен- талитетіне жақын дүние жасау. 7 қаладан мектеп ашу 7 қаладан мейрамхана ашумен тең емес. Әр мектептің матер- иалдық, әдістемелік базасы, кадрлық құрамы бар, мұның бәрі көзге көріне бермейтін үлкен шаруа, маңызды міндет. Әрине, түсінбейтіндер мен сынай қарайтын

көзқарастар көп. Оларға бір ғана жауабым бар. Аханша айтсам, "жұрт бүгіншіл, менікі ертең үшін..."

– Ұлттық лицей болашақ ұрпақты құлдық санадан арылып, өзімізді, тіліміз бен тарихымызды танауға бағыттайды. Кешегі "Кітапфест" әлемдік классиканы қазақша оқуға мүмкіндік артқанын дәлелдегендей. Әлем әдебиетін қазақ баласы қай тілде оқуы керек? Аудармаларға көңіліңіз тола ма?

– Мектепте жүргендіктен, химик болсам да, өлең жазып, кітап құмар болғасын әдебиет ауылынан алыс емеспін. Тәрбие мен білім – жан қайғысы, сондықтан мектептегі әдебиет сабағы мен үшін қызық. Ең алғаш 2011 жылы мектепке мұғалім болған кезде оқушылардың қолынан қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетін қатар көргенде «Бізге қазақтан соң ең жақын орыс па?» деген сұрақ миыма келді. Қатты таңғалдым. Батыс- шығысы, оңтүстік-солтүстігі бар дөңгелек жер шарынан, ақ-қарасы, сарысы бар 2000-ға жуық ұлт әдебиетінен қазақ баласы неге орыс әдебиетін ғана оқуы керек? Бұл сұрақтың жауабын әлі таппадым. Бұл туралы кезінде «Мектебінде екінші сортты мемлекеттік тіл» атты мақаламда қысқаша айтқан едім. Бүгін тағы бір айналып, кеңінен көтеріп, тезге салып түзету жолын ұсынып көрейін. Тыңдар құлақ болса, әрине. Сондықтан қазақ баласы орыс әдебиетінің орнына өлем әдебиетін оқуы тиіс. Өлем әдебиетін өзге тілде емес, мемлекеттік тіл қазақ тілінде оқуы міндетті! Ал аудармалардың сапасына келер болсақ, көш жүре түзеледі. Барлығы бірден болып кетпейді. Қазір де өлем әдебиетінің қазақша нұсқалары жаман емес.

– Сұқбат үшін рақмет!

Сұқбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ

«Жасыл ел» жастарға не береді?



Алтын күз келді. «Балапанды күзде санаймыз» деген халқымыз алты ай жазды арқа тастап, қыстың қамын жасауға кіріскен. Десек те таяуда ғана маусымды жапқан «Жасыл ел» қандай тірлік атқарды? Бұрын-соңды өзіне тән формасымен көшелерде көп көрінетін жасылдіктер бүгінде неге байқалмайды? Маусымның жүгін арқалаған мақаламызда бұл мәселеге де тоқталатын боламыз.

Өңірде «Жасыл ел» жобасын жүзеге асыру үшін облыс әкімінің қолдауымен биыл бюджеттен 151 млн теңге қаражат қарастырылған. Бүйірі томпайған бюджеттің бұл қаржысына биылғы маусым шеңберінде 1 871 жас маусымдық жұмыспен қамтылды. Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, оның 15 проценті жұмыссыз жастар, яғни, 280 адам. Ад 85 проценті оқушылар

мен студенттерден құралған. Олардың жалпы саны – 1 591 адам.

– «Жасыл ел» жалпыұлттық жобасы 2005 жылдан бері жүзеге асып келеді. Бұл жастар арасындағы ең танымал бағдарламалардың бірі десем, қате емес. Жалпыұлттық жоба аясында барлық өңірлерде «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары құрылды. Бұл қозғалыс жастарымызды еңбекке баулып қана қоймай,

қазір ортақ идеялар төңірегінде топтастыруда. Еңбек жасағының маңыздылығы – жастарды қазіргі өндірістік қатынастарға бейімдеуде, олардың бастамалары мен өз бетінше еңбек ету дағдыларын, ұйымдастырушылық және іскерлік қабілеттерін, рухани-адамгершілік мұраттарын дамыту болып табылады. Жасақтарды іріктеу кезінде біз халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға

өздерін көрсетуге, демалыс кезеңінде қосымша табыс табуына назар аударып келеміз. Жастарды еңбекке баулуға, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға үлес қосқан облыс көлеміндегі барлық мекемелерге алғыс білдіреміз, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов.

Мал шаруашылығы: Даму даңғылы қай тұста?




Таяуда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі мал шаруашылығының дамуын сынға алды. Әйтсе де, бүгінде саланы дамытуға бөлініп жатқан қолдаулар аз емес. Тіпті, ауылдық жерде тұратын көпбалалы, тұрмысы төмен, қысқасы, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың өзіне қайтарымыз қаражаттар қарастырылған. Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен беріліп жатқан 2,5 процентті «Ауыл аманаты» бағдарламасы, жастарға арналған төмен процентті кредит те ө дегенде аталған саланы дамытуға баса назар аударған. Қазір бәрі басқаша.

«Өңірдегі бизнес жобалардың жартысынан астамы мал шаруашылығына бағытталған. Бірақ олай бола тұра ет бағасы төмендеген жоқ, мал өнімдерінің өндірісі көбейіп жатқан жоқ. Сонда бізге бұдан қандай пайда? Былтыр осы жерге

шулап 4 млрд теңге субсидия сұрап келгендерге берген жоқпыз ғой. «Сіз етіңізді арзан сатып отырсыз ба, өлде қандай пайдаңыз бар?» деп. Жылына 50-60 төлін сатып, шөп алсын, жем қылсын. Бюджеттің ақшасын таратып бере беруіміз керек пе? Екінші деңгейлі банктерден берілетін несие бар, жеңілдетілген несие бар, аграрлық несие кооперациясы арқылы берілетін қаражат бар, «Ауыл аманаты» бағдарламасы, жастарға беріліп отырған төмен процентті несие бар – мұның 70 проценті мал шаруашылығына беріліп отыр. Бірақ нәтиже жоқ», – деді Н.Нәлібаев.

Рас, бүгінде мал шаруашылығынан табыс табу қиынға соқты. Халықтың ет өнімдеріне сұранысы төмендеген жоқ. Бірақ қорада мал ұстау қымбаттады. Жем-шөп мәселесі шарықтады. Түптеп келгенде, мал ұстау үшін жем-шөп керек, ал жем-шөпті дайындау үшін техника, жанар-жағармай, жұмысшы күші, тыңайтқыштар болмаса, оның да қолға түсуі қиын. Сондықтан, бұл ретте

мал шаруашылығы жайлы айтқанда, оның арғы жағындағы жем-шөп мәселесін реттейтін егін шаруашылығына бір соқпаса болмайды. Демек, тыңайтқыштар, техниканың қосалқы бөлшектері мен жанар-жағармай бағасының өсуі жем-шөп бағасының қымбаттауына әкеледі. Ал бұған сай ет бағасы көтеріліп жатқан жоқ, біршама уақыттан бері бір бағаны ұстап тұр. Бұл жерде тенденция сақталмауда.



«КАМЕРАЛЫҚ
ОРКЕСТРГЕ
КӘСІБИЛІК
КЕРЕК»

3-бет



«БИЗНЕС
ӘЛІППЕСІН
ЕРТЕ ОҚЫТSAҚ,
ҰТАРЫМЫЗ
КӨП»

5-бет



РЕНІШ –
РЕКВИЕМ


6-бет

ШАХТАДАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ НЕМЕСЕ ЖЕР ҚОҢЫНДА ЖОҒАЛУ

Жер астындағы өмірдің оңайы жоқ. Әсіресе, өмірін көмір қазаға арнағандардың еңбек жолы қауіп пен қатерге, сын мен сынаққа толы. Құлақты керең ететін терең қойнау түбінен қара алтынды алып шығу үшін қаншалықты қажыр-қайраттың керек екенін жақсы білеміз. Күннің жарығында, таза ауада жүріп тынысы тарылатын адамдар, маңдайына майшам тағып жер астында ауыр жұмыс істесе қазіргі жеңіл өміріне шүкіршілік ететіні сөзсіз. Ол ол ма, әлем елдеріндегі жер сілкінісі, құм астында қалған шахтёрлер жайында естісеңіз төбе шап тік тұрады. Бұл осы жұмыстың қауіпін тағы бір ұқтырады емес пе?

ЛЕНИН ШАХТАСЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ АПАТ

1995 жылы 24 қарашада Ленин атындағы шахтада метан жарылды. Апат салдарынан 13 кенші қаза тапты. Содан он жыл бойы қазақстандық шахталарда тыныш болды, ешқандай төтенше жағдай тіркелмеді. Ал 2006 жылы сол шахтада ең ірі апат болды. 20 қыркүйек күні шахтада желдету құбырларын жөндеп жатқан. Осыған байланысты негізгі желдеткішті өшіріп тастады. Тергеу комиссиясының қорытындысына сәйкес, электрші қауіпсіздік ережелерін бұзған. Тоқты ажырататын аппаратта сыммен жалғап қойған жерлер болған.



желдеткіш істемеген соң газ жинала берген. Ал тоқты қосқанда сым жалғанған жерден ұшқын шығып, метан жарылған. Сол кезде жердің астында 368 кенші жүрген.

Жарылыстың қатты болғаны сонша, қаза болған адамдардың денесі бір шақырымға ұшып кеткен. Апат кезінде 41 адам мерт болды. Кеншілерді жабық табытта жерледі.

Комиссия апатқа 22 адам кінәлі деген шешімге келді. Олардың ішінде «Миттал Стил Теміртау» АҚ-ның бірінші басшылары да бар. Алайда артынан 8 инженер-техникке айып тағылды. Алтауы сотталды.

АБАЙ ШАХТАСЫНДА 30 КЕНШІ ҚАЗА ТАПТЫ

2008 жылдың басында Абай шахтасының кеншілері жаңа жылды тойлап, жұмысқа енді ғана шығып жатқан. 11 қаңтарда 400 метрлік тереңдікте метан жарылып, арты алапат өртке ұласқан. Сол кезде жердің астында 191 адам болды. 161 кеншіні шығарып үлгерген. Қалған 30 адам қаза тапты. Олардың ішінде 21 кеншінің денесі сол күйі табылған жоқ.

Төтенше жағдайды тергеу кезінде өнеркәсіп қауіпсіздігін бақылауға жауапты екі шенеунік қызметінен айырылды.

КЕНШІЛЕР КҮНІ ТОЙЛАНБАДЫ

2011 жылы Қарағанды облысының кеншілері төл мерекесін тойлаудан бас тартты. Себебі сол жылы Саран қаласына жақын Күзембаев атындағы шахтада екі кенші қаза тапты. Сол күні шахтада 107 адам жұмыс істеп жүрген. Кенеттен көмір мен газ атқылай бастады. Үйіндінің астында екі адам қалған.

2016 жылы «Арселор Миттал Теміртау» компаниясына қарасты

Саран шахтасында тағы бір апат болды. Жұмысшылар жоғарыға көтерілген кезде арбаның тросы үзіліп кеткен. Салдарынан үш адам оқиға орнында қайтыс болды, тағы біреуі ауруханада көз жұмды. Сол кезде кабинаны монтаждаған жұмыскер, машинист және учаске бастығы кінәлі деп танылды. Үшеуі де бес жылға бас бостандығынан айырылды.

2017 жылы 31 тамызда таңғы сағат 04:21-де Шахтинск қаласында дабыл қағылды. «Арселор Миттал Теміртау» компаниясына қарасты «Қазақстан» шахтасында кенет көмір мен газ атқылаған. Сол уақытта жер астында 136 адам болған. Үшеуі қаза тапты.

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТА БОЛҒАН АПАТТАР

2020 жылдың маусымында Шығыс Қазақстан облысында орналасқан «Шығыстүстімет» ЖШС Орлов өндірістік кешенінің шахтасында жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде екі жұмысшы қаза тапты. Тағы бір шахтер ауруханаға жеткізілді.

Жылдың соңында тағы бір қайғылы оқиға болды. 30 желтоқсанда жарылыс жұмыстары кезінде «Ақтөбе Мыс компаниясы» ЖШС-нің төрт қызметкері қайтыс болды. Өлімнің алдын ала себебі – газдан улану.

«АБАЙ» ШАХТАСЫНДА МЕТАН ЖАРЫЛДЫ

2008 жылғы апаттан кейін Қарағанды облысындағы «Абай» шахтасында тыныш болған. Араға он үш жыл салып, тағы метан жарылды. Апат 2021 жылы 11 қарашада болды. 64 кеншінің 56-сы жоғарыға өз күшімен шығып үлгерген. 8 жұмысшы қалып қойды. Алтауы қайтыс болды, екі адам газдан уланып қалды. «Арселор Миттал Теміртау» 100 процент кінәлі деп танылды.

2022 жылы Саран шахтасында тау-кен массасы опырылып түсті. Бір кенші үйіндінің астында қалды.

БІР ШАХТАДА 60-ТАН АСТАМ КЕНШІ КӨЗ ЖҰМДЫ

Биыл 3 қарашада Ленин атындағы шахтада дренаждық ұңғымаларды бұрғылау кезінде кенеттен метан жарылды. Артынан өрт шықты. Апат салдарынан 5 кенші қаза тапты. Көбісі қырыққа да келмеген. Ең жасы 26-да болған.

Тәуелсіздік жылдары ішінде осы шахтада 60-тан астам кенші опат болды. Атап айтқанда, 1995 жылы – 13 адам, 1998 жылы – 1 адам, 1999 жылы – 3 адам, ал 2006 жылы 41 адам қаза тапты. Ленин шахтасында тәуелсіздік алғанға дейін де апаттар болды. 1978 жылы төрт кенші қаза тапты. Ал 1985 жылы тағы төрт адам көз жұмды. Бірақ 58 жылдық тарихы бар кен орны толығымен жабылмайды. Көмір қоры таусылмайынша істей береді.

ҚАРАҒАНДЫДАҒЫ ҚАРАЛЫ ХАБАР

Өткен айда болған шахтадағы апат шарадай басты шақшадай етті. Өрт салдарынан өлім құшып, жер қойнында жан тапсырғандар көңілді алаң етті. Тексеруден өткен деген шахтадан шикілік шығып, соны тергеуге ұласты. «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Көмір департаменті «Қазақстан» шахтасында Д6 көмір еңісін игеру барысында конвейерлік таспа өртенді. Апат кезінде шахтада 227 адам, олардың 222-сі жер бетіне шығарылған. Бірақ, екіншіше қарай 5 адам қаза болды. Шахтадағы өртке байланысты Қылмыстық-кодекстің 277-бабының 3-бөлігі (Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу) бойынша қылмыстық іс тіркелді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан» шахтасында болған өртке байланысты үкіметке және Қарағанды облысының әкімдігіне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде тапсырма берді. Ал үкіметке осы кәсіпорынға иелік

ететін шетелдік компаниямен жұмысшылардың қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету жөнінде келіссөздер жүргізу тапсырылды.

Бүгінде кеніштегі өндіріс белгісіз уақытқа тоқтатылды, бірақ басқа жұмыс түрлері жалғасып жатыр. «Қорғау» кәсіподағы 600 кенші мен басқа да шахта қызметкерлері жұмыссыз қалмайтынын айтты.

– Біз «АрселорМитталТеміртау» АҚ басшылығымен «Қазақстан» кенішінің жұмысшыларына еңбекақыны атқарған жұмысына қарай төлеуге, бірақ орташа жалақыдан төмендетпеу туралы келісімге келдік, – деп мәлімдеді. Кәсіподақ ұйымы атап өткендей, апат болған кенжар гипсті бөгеттермен бұғатталған. Ол температура төмендеп, ішіндегі жағдай адамдарға қауіпсіз болғанда ашылады.

Жүйелі жұмыс пен тиянақты тексеру үшін адам өлімінің болуы міндетті емес. Керісінше бәрін алдын ала жүзеге асырып, қауіптің жоқтығына көз жеткізу керек. Сонда кеніштегі кемшіліктен көз жұмып, қан жұтатындар көбеймейді.

Сараптап қарасақ, тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандық шахталарда 160 адам қаза тапқан. Бұл – 160 тағдыр мен 160 отбасы. Тәуелсіз күннің батырлары атанған жерлестер жер құшқанда қабырғасы қайысып қалың қазақ жоқтады. Талай өмір осылай тоқтаған еді. Өйткенмен, өндірістің өмірі өміршең. Өлемнің озық, дамыған елдерінде де шахта жарылып, жан тапсырып жатқандарды естіп, апаттың айтып келмейтінін ұғамыз. Дегенмен де бақылау мен зерттеудің озық үлгісі шахта өлеміне жетесе апаттың алдын алуға болатындай. Иә, бәрі айтуға оңай. Тек тілегіміз, тірегіміз болып жүрген ер азаматтар әр кеште аман-есен отбасымен қауышса нұр үстіне нұр. Еліміздің байлығы – қалың қаржы емес, халық екені даусыз.

З.ҚОНЫСЖАН

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Мал шаруашылығын отбасылық кәсіпке айналдырдық. Мемлекеттік бағдарламалардың бары рас. Қолдауы да жеткілікті. Біз соның бірінен қолдау алып, нарықты ет өнімдерімен қамтамасыз етуге атсалысып келеміз. Әйтсе де, қазір жем-шөп мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Бір жоңышқа пресіңіз ауылда 700 теңге. Ал жемнің бағасы өскенмен, сапасы жоғарылаған жоқ. Бұрын далада тау болып үйіліп жататын күріш қауызының өзін жемге араластырып тартып жіберетін болды. Оның бойында құнары жоқ, жай

кәсіпкер деген аты ғана. Әрине, бағылған малдың етін ешқандай делдалсыз тұтынушыға тура жеткізген күннің өзінде аз-маз тиын, ал бұл іске делдалдар араласса, кәсібіңіз тұралап, өзіңізді таппай қаласыз. Бұдан соң етті арзан сату қисынға келмейді, базарда 2500 теңге болып тұрған жылқының етін өндіруші ретінде тұтынушыға 2100 теңгеден жеткізіп отырыңыз. Одан артық қандай жеңілдік керек?! Жем мен шөптің бағасы қадамдап қымбаттаса, ет бағасы елілеп қана көтерілді», – дейді жеке кәсіпкер Махаббат Сабырқызы.

«Байқоңыр» ӘКК жауапты «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алған. Ауыл әкімдігіндегілер мұрнынан шаншылып жоба іздеп жатыр. Бірақ, ауылда ашатын өндіріс нарықта өзінің орнын таба алмайды. Өйткені, монша ашып қызмет көрсетейін десе, ауылдардағы үш үйдің біреуінде өз отбасына арнап салған шағын моншасы бар. Наубайхона ашайын десе, әркім өз үйінен нан пісіріп отыр. Сондықтан, «Ауыл аманаты» деп ауылдағы кәсіпті жандандыру керек шығар. Өйткені, ауылдағы негізгі табыс көзі – мал және егін шаруашылығы, сосын бір-бірден мектеп, амбулатория, әкімдік, мәдениет үйі.

«Ауыл аманаты» деп аталғанына қуандық. Ауылдықтардың жағдайын көтеріп, әлеуетін арттырады екен деп. Өдепкіде солай сезіндік. Құжат тапсыруға барғанда мал шаруашылығын соңғы бағытқа қойыпты. Айналайындар-ау, қазақ тарихындағы қолдан аштық жасау жүйесіндегі төрт түлігімізді қырған жоқ па? Қазіргі мал басын есептегенде, сол кезеңдегі шыңғынның орнын әлі толтыра алмай келеміз. Ал ауылға арнап, «Ауыл аманаты» деп атын қойған екен, онда ауылдағы ағайынның кәсібімен санассын. Малдан басқа не қалды ауылда айналысатын? Дәл бұлай жалғаса

берсе, «Ауыл аманатын» «қой терісін жамылған қасқырға» теңемесе лаж жоқ», – дейді есімін жасырған облыс тұрғыны.

Айтпақшы, субсидия мәселесіне келгенде әңгіме бөлек. Аймаққа қарасты елді мекен тұрғындары субсидия алып көрген емес. Өйткені, бұл талапқа жағдайын енді жасап, кәсібін бастап келе жатқан кәсіпкер 5-6 мал басымен жауап бере алмайды екен. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өкілі субсидияның талабын былай сипаттап берді:


«Мемлекет тарапынан берілетін қолдау мал шаруашылығымен айналысқысы келетін кез-келген шаруашылыққа төленеді. Субсидия төлеу ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бекіткен бұйрығының (бұдан әрі-Қағида) талаптарын сақтай отырып, шаруа қожалықтарға және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне төленеді. Мемлекеттік қолдаудың басты мақсаты мал шаруашылығы өнімділігін және өнім сапасын арттыру. Себебі, зоотехникалық талапқа сәйкес селекциялық және асылдандыру жұмыстарына бір аталыққа аналық мал саны 13 бастан кем емес және 25 бастан аспау қажет. Сондықтан 5-10 бас малы бар жеке тұлғалармен бірігіп кооператив құрылса, мемлекет тарапынан субсидия төленеді. Атап айтқанда, асыл тұқымды МІҚ сатып алса әр басына 150

000 теңге, селекциялық және асылдандыру жұмыстарына асыл тұқымды аналықтың әр басына 4 000 теңге, тауарлы аналықтың әр басына 2500 теңге, бордақылау алаңдарына өткізілген бұқашықтардың әр келісінде 200 теңге төленеді. Бұдан бөлек, мал басын көбейтуге ниетті кез-келген жеке тұлға «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 2,5 пайызбен несие алуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, субсидия төлеу жұмыстары субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ) арқылы ашық әрі әділ жүргізіледі».

Өмірінде бір дастарқан басында ас ішіп көрмеген үшеуді кооперативке біріктіргенде ұтарымыз не?! Бұл жерде жеке кәсіпкерлердің үшеуі де өз алдына тіршілік етеді. Бірақ қағазбастылыққа бірге кіріседі. Жеке барып, несие алғаннан айырмашылығы жоқ. Үш адам бірігіп, кооператив ашады да үшеуі де мал шаруашылығымен айналысады. Бұл жерде кооператив ұғымын түсініп отырған ешкім жоқ. Егер де біреуі мал бордақыласа, екіншісі оның жем-шөбін дайындау керек, ал үшіншісі бағылған малдың етін өткізу керек немесе еттен түрлі өнім шығару керек. Міне, осы жерде кооперативтің мәні бар. Бірақ, бізде бәрі қағазда көрсетілген әлемнен аспайтын тәрізді...

Дәулет ҚЫРДАН

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ДАМУ ДАНҒЫЛЫ ҚАЙ ТҰСТА?



ғана жемнің салмағына ықпал етіп, өзіндік құнын арттырады. Мұның ар жағында шаруаның қалтасы қағылатыны өмбеге аян. Сол себепті күріш жемінің қасына малды семірту үшін құны шарықтап тұрған бидай мен арпаны, күрмекті аласыз. Сайып келгенде, мал шаруашылығынан табатын тиын-тебен ғана болып тұр. Жеке

Ауылдық жердегі әрбір кәсіпкердің мұңы – осы. Айта кетейік, қазіргі таңда «ауыл-ауылдан бизнес жоба табыңдар, халықтан сұрандар, өндіріс керек» деп,

Камералық оркестрге кәсібилік керек



Жеке дара өнер көрсету мен топ болып төбе көрсетудің айырмасы жер мен көктей. Бір ғана өнер иесі сахнада талантын танытса, оркестранттар «өзімізге» салынбай, шығарманы шыңына жеткізіп орындау үшін барын салады. Бір орындықта тапжылмай отырып, екі көзін дирижер қимылына бағыттап, өзі де ырғақтан ыршып түспей, нотаны жүрегімен сезінуі шеберлік. Бұл – тәжірибемен келетін кәсібиліктің көрінісі. Музыка саласының сырына терең үңілу үшін өңірдегі камералық оркестрдің көркемдік жетекшісі Анар Жаңбырбаевамен әңгіме құрған едік.

– Өңіріміз өнер өкілдерінен кенде емес. Сондықтан камералық оркестрдің құрылу тарихына тоқталсаңыз. Жалпы құрамда қанша адам бар? – 2014 жылы облыстық филармонияда камералық оркестр ашылды. Содан бері киелі сахнаның киесін

ұғынып, өнер көрсетіп жүрміз. Қазіргі таңда құрамда 27 адам бар. Жеткен жетістігіміз де аз емес. «Өуен Фест» камералық оркестрлердің республикалық фестивалы-конкурсында

екі рет лауреат атандық. Бұдан бөлек, еліміз бен Еуропада, Венгрия мен Түркия, Босния мен Герцеговинада гастрольдік сапарда болдық.

Көппен бөлісетін арқолтай жаңалығымыз – симфониялық оркестрдің құрылуы. Бас дирижер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор – Мүсілім Әмзе. Сәрсенбінің сәтті күнінде салтанатты кешті өткізіп, концерттік маусымның ашылуын абыроймен атқардық.

– Сазгердің сырлы әуенін орындауда талғам керек. Сахнада қай шығармалар орындалады? – Музыка

өнерінің майталманы Ахмет Жұбановтың «Абай» сюитасы орындалды. Бұл туынды 1941 жылы жарық көрген. Десе де біраз орындалмай, архивте тұрып қалған. Көңілге түрлі ой салатын шығарманың шаң басып қалуына жол бермей, қайта жаңғырту керекін әркез қаперде сақтаймыз. Сондықтан талғам мен таңдау осы туындыға түсті.

Лирикалық саз бен трагедиялық әуеннің тоғысуы тыңдарман көңілін толқытып, жүрегін тебіртетіні анық. Дирижер Мүсілім Әмзе кітапханадан оркестрге жазылған ноталарын тауып, Алматы қаласында бірінші болып орындаған. Негізі қазақстандық және шетелдік композиторлардың шығармасы көпшілік назарына ұсынылады.

– Әуен өзезді, ырғақ пен дыбыс таза қалыпта шығу үшін аспаптың сапалы болғаны маңызды. Құрамның аспаптармен жабдықталуы қай деңгейде?



– Филармония аспаптарды тапсырыс беріп немесе тендерге түсіп сатып алады. Бірақ тендерден алу тиімсіз. Өйткені, басты мәселе тендерге аспаптың арзаны қойылатындығы. Сондықтан, үн үздіксіз мөлдір шығу үшін аспапты ойнап, тексеріп таңдау керек. Десе де облыстық филармонияның басшысы Талғат Мақашов пен орынбасар Азиза Іздіқұлова жұмыстың жандануына жұмыла кірісіп, дамуы үшін дамыл таппай еңбек етеді. Мұның өзі оркестрді өрге сүйрейді.

– Қазір ұлан-асыр той мен мерекелік кеште классикалық музыканың орындалуына қалай

қарайсыз? Сіздің ше бұл өнердің ұлықталуына әсер ете ме?

– Тойға шығатындарды оркестр емес, кіші ансамбль деген жөн. Себебі, оркестрде 28-30 немесе 120 адамға дейін өнер көрсетеді. Ансамбль құрамында квартет – 4 адам, арасында квинтет – 5 адам немесе сестёр – 6 адам болады. Бірақ қай-қайсысы да адамның қызығушылығын оятап, классикалық музыкаға құлақ түруге бейімдейді. Сондықтан көпшілік жиналған жерде музыканың орындалуын қолдаймын. Бұл өнерді өміршең етеді. Демек, мұны классикалық музыканың жарнамасы деп қарастыруға негіз бар.

– «Титаник» трагедиясында өлім алдында өнерін тоқтатпаған сегіз музыкант жайында айтылады. Жалпы оркестр мен музыканың құдіреті жайында не дейсіз?

– Иә, кеме суға кетіп, адам жанын мұң кемірген сәтте музыканың үнін үзбегендер жұрт жадында. Өмір мен өлім арасындағы қыл көпірде көптің қайғысын әуенмен ұмыттырғысы келуі ерекше, әрине. Кейбірі аман қалудың амалын іздегенде, аспабын тастамай

әуелетуі әсерлі. Бәлкім, бұл өнерге деген құрмет! Сайып келгенде, классикалық музыка – адам жанының емі. Музыка – мәселені ұмытуға, тыныштық табуға, сананы серпілтуге ықпал етеді. Сондықтан оның құдіретіне күмән келтіруге болмас.

– Үнде үйлесім болғаны маңызды. Сонда туынды тыңдарман құлағына жетеді. Орындау кезінде оркестрдің өнер өкілдері бір-біріңізді қалай ұғынасыздар?

– Орындауда іркіліс байқалмасы үшін әрбір маман бір-бірін сөзсіз

түсіну керек. Ол жерде дабырлап сөйлеп, белгі беріп, ым-шара жасалмайды. Әркім өзінің түйсігіне, сосын дирижердің қол қимылына мән береді. Яғни, шатасу мен жаңылтуға мүмкіндік бермейтін математика деп айтар едім. Оркестранттар секунд сайын санап отырады, соның нәтижесін дирижер көрсетіп тұрады. Дирижердің басты рөлде болатыны да сол. Демек, оркестранттар бір сәтте тұтас ағзаға айналады.

– Біразы ән айтуға құмар, өнші болуға әуес. Қалай ойлайсыз, жастар оркестр музыканты болуға қаншалықты қызығады?

– Өмірінің өзегін музыка деп білетін жас өнер өлкесіне енуге асығады. Талант пен талаптың үдесінен шыққан шын өнерінің өрге жүзетіні де ақиқат. Егер оркестрге қызықпайтын адам болса, біз бүгінгі жетістікке жете алмас едік. Тек өнер мектебін жандандырып, жастарды тартуға атсалысу керек. Алғашқыда аймақта камералық оркестр Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен ашылды. Бүгінде жұмыс жүйесіз емес. Бірақ, шатты толықтырып, кадр мәселесін реттеу маңызды. Мәселен, музыка мектебінде скрипкада оқығысы келетіндер көп. Дегенмен дәріс беретін мұғалім аз. Өңірдегі музыкалық колледж бен өнер мектебі, филармония берік байланыстамыз. Енді штат пен кадр ісін жолға қойсақ, талай дарынды өнерпаз дайындауға қауқарымыз жетеді.

– Мамандар қай жақтан жиналған?

– Бір қызығы, кейде дайындық жұмысын желіге жүктейміз. Сонда кері байланыстың болатыны бізді қуантады. Яғни шебер музыканттар оркестрімізде өнер көрсеткісі келетінін айтып, жылы лебізін білдіреді. Сондықтан үй мәселесі шешімін тапса, олар өңірде өнер көрсетуге дайын. Біз тарапымыздан аймақ басшысына осы жайында ұсыныс айтып жатырмыз. Облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова да бұл ойды құптап отыр. Жалпы атқарылған ауқымды істер оң нәтиже беруде. Аймақ басшының қолдауы мен қамқорлығы өнер саласын ілгерітуде.

– Әдемі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

ТЕАТР МАУСЫМЫ: ӨНЕРДЕН ӨРБИТІН ӨНЕГЕ

«Театр – өмірлік сұрақтарға шешім табатын жоғарғы интенция» деген тәмсілге теріс пікір айтып көріңіз. Бұл ойды құптамаса, әлдекім қарсылық танытпайтыны анық. Өйткені, өмір бейнесін қаз-қалпында суреттейтін, адам жанын сипаттайтын өнердің осал емес екенін ел біледі. Руханиятпен тыныстау үшін театрдың тигізер ықпалы орасан. Жер басып жүргеннің жүрегінде селт етпейтін сезімі, көңілінде көркемдігі, танымды таныр түйсігі болмаса бәрі бекер. Ал, өнер мешітінің өнегесі қым-қуыт тірлікті ұмытып, оңашада ой бағуға мүмкіндік береді.

Облыстық Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театры ерекше қойылымымен әркез есте. Енді театр маусымының ашылуы өнерсүйер қауымды қуантатыны ақиқат. Әсте, мазмұны мәнге толған қойылым өз көрерменімен зеңгір көкке көтеріліп, ыстық ықпал пен құрметке бөленеді. Осы ретте, театр табалдырығын аттап, жиі баратын жастарға сауал жолдаған едік. Олар сана сүзгісінде сараланып, әсер еткен қойылым жайында толғанысын жасырмай жеткізді.

«Бір түп алма ағашы»

Ердаулет Сәрсенұлы: Театрды нағыз эмоциялар шеруі ретінде қараймын. Сол үшін барынша іштейні шығарып, сахнадағы өмірге ене кетемін. Ондағылар жылса, ішім алай-дүлей болып, қуанса, мен де шат-шадыман күйге енемін. Өткен жылы драма жанрындағы спектакльге бардым. Алған әсерім де, түйген-білгенім де көп болды. Тақырыбы – «Бір түп алма аға-



шы». Идеясына үңілсеңіз, отбасындағы өмірде барынша сабырлы болуға, адамзатты «бауырым» деп сүюге шақырады. Нағыз ауыл отбасының өмірі. Балалық шақты еске түсіреді. Ананың мейірімі, бала-шағасына деген махаббаты да ерекше көрініс тапқан. Осы тағдырлар бір түп алма ағашының ғана астында өтіп жатты. Бақытпен қатар қайғы, опасыздық та қатар жүргенін көресіз, түрлі ой түйесіз, сана-сезімің дүр сілкінеді. Ананың бала-шағасынан көңілі қалған кезінде жүрегін қатты да нәзік, жұмсақ та жұмыр екенін түсінеміз. Оның көз жасы көрермендердің де көз жасына айнала кетті. Айналамның барлығы шынайы бейнені сомдай алған өртістің өнеріне тәнті болды. Мен де. Қойылым алға қойған мақсатына жетті. Сондай бір ерекше эмоцияның күйін кешіп, өмірдің не екенін түсінгендей болдық. Бізге рухани білім жетіспей жатады. Оны театрдан ала-аласыз дер едім.

«Ромео мен Джульетта»

Әлия Тәжібай:

Театр – мәдени орта қалыптастыратын, жастардың бойына тәрбие мен тәлім ұялататын мекен. Кинотеатрға бару бір бөлек, театрда қойылым тамашалау бір бөлек. Бос уақытында қойылымдардан қалмауға тырысамын. Өзіме ұнаған, қатты әсер еткен қойылымның бірі Ромео мен Джульетта. Қойылым барысында бір-біріне ессіз ғашық екі жастың сезімі көрерменге ерекше жеткізілді. Эмоцияға ерік беріп, жылаған сәтім де болды. Келесі айда «Сезім сапары» спектакль-туры Сыр еліне келеді деген жаңалық мені қуантты. Бұл

жолы «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымына баруға ниеттімін.

«Ауылдан келген ару»

Жамбыл Бақытөлі:

Ақын Дулат Исабековтың шығарма желісі бойынша көрермен назарына ұсынылған. Қарапайым қарағанда бүгінгі заманның бір көрінісі. Сондай-ақ, әйел затының алдынан шыққан ауыр сынағы. Десе де, қойылымның астарында мұнан да терең мән астасып жатыр. Өмір сүріп жатқан қоғамдағы ауыл мен қаланың арасы өлдеқашан алыстағанын айтқысы келгендей. Сол арақашықтықтың қаншама тағдырларды өзгертіп жіберетінін көз жасына ерік бере отырып түсінесіз. Қойылымда өнер ортасындағы кейбір тұлғалардың да жеңілтектігін және суық жүрісін әшкерелеген. Бастан аяқ ауылдан келген арудың іс-әрекетіне іштей пікір айтумен боласыз, бірақ оны не сөгетініңді, не жақтайтыныңды өзің де білмей дал боласыз.

Адамды арман мен махаббат жетелейді ғой. Сол жетекте жүріп, дұрыс талғам жасай білу керектігін және оның адам болашағымен тікелей байланыста екенін білеміз. Ағаның құрсауында кеткен бейшара қыздың трагедиясын көз алдымызда паш етті. Көңіл еріксіз аласұрады. Бұл – көрерменге керек сезім. Сонымен қатар, осы қойылымда ақындардың халық түсіне бермейтін жан дүниесін асқан. Ақынның қаншалықты әділетті сүйетіні, нәзік екені, мейірімді аңсайтыны, өзінің ғана емес, өзгенің де тағдыры үшін шынайы күйіне алатыны осы сахнада көрініс табады. Жалпы қойылым қоғамның көлеңке тұсын аша отырып, тәрбиелік мәнге ие, үздік туындыға айналғаны сөзсіз. Ондағы өртістердің еркіндігі, шынайылығы тағы бөлек әңгіме.

Жаңа маусым шымылдығы «Көрұғлымен» түрілмек

Театр өртісі Санат Жұзбай:

Театрдың қызу жұмысы басталды. Алдағы уақытта да көрерменнің көзайымына айналып, өнерімізді ортаға саламыз. Жаңа маусымды 15-қыркүйекте «Көрұғлы» қойылымымен ашуға ниеттеміз. Режиссері

– драматург, ақын Оңталап Нұрмаханов. Сонымен қатар, жақында жағымды жаңалықты бөлісеміз. Яғни, театр өртісі Қанат Архабаев жастарға арналған комедия қоюды жоспарлауда. Өзім де тың идея мен жаңашылдық негізінде, мелодрама жанрында қойылым қоймақпын. Қысқасы, театр сахнасын түрлендіру мақсатында тер төгіп, ізденуден жалықпаймыз.

Негізі өртіс білімнен безінбей, өзін жетілдіргенде ғана жетістікке жетеді. Сонда ғана жалаң жаттандылықтан арылып, кәсіби тұрғыда дамиды. Жыл сайын ұйымдастырылатын «Жазғы театр мектебі» зор мүмкіндіктің алаңы. Яғни, Ресейде 95 өртістің басын қосатын оқуда елімізден үш өртіс кастингтен өттік. Оның бірі Түркістан, екіншісі Қостанай облысының театр өртісі. Осылайша театр басшылығы қолдап, сеніммен оқуға жіберді. Жаңа ортамен таныс болып, ортақ шабыт алғаныма қуаныштымын. Бір айдың ішінде режиссерлік, өртістік шеберлік, сахна қозғалысы және сахна тілі сынды оқу сабақтары өткізілді. Практикалық тұрғыда тәжірибе жинақтап, соның нәтижесінде Сыр еліне жаңа қойылым ұсынбақпын. Театр қабырғасында жемісті еңбек етіп, көрерменнің ықыласына бөлену мен үшін мәртебе!

Нәзік АХМЕТ

Гүлнар БАТЫРБЕКҚЫЗЫ, Облыстық оқу орталығы директорының орынбасары:

– Шараға Қызылорда облысының аудандары мен қаласынан жекеменшік балабақша құрылтайшылары, меңгерушілері, атап айтқанда 40-қа жуық педагог қатысты. Мұндай шараларды ұйымдастырудағы басты мақсат – тәжірибе алмасу. Яғни бүлдіршіндерді дамытуда өткізілетін іс-әрекеттерді ойын арқылы ұйымдастырудың маңызы іс жүзінде көрсетілді.

Бибайша СЕРІКБАЙҚЫЗЫ, №3 «Алтын Орда Шұғыла» бөбекжай бақшасының меңгерушісі:

– Облыстық семинарды өткізетін ұжым тәжірибе алаңында қай тақырыпқа ден қоятынын өзі таңдайды. Біз баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, зерттеу арқылы қоршаған ортаны тану, физикалық қабілетін дамыту және бала тәрбиесіндегі ананың рөлі жөнінде жұмыс жүргізуді мақсат еттік. Барлық тақырыпты жан-жақты ашуға және балаға да, семинарға келген қонаққа да ерекше үлгіде жеткізуге тырыстық. Сонымен қоса семинарда тәжірибесімен бөліскен сегіз маманның 3-еуі жастар екенін ерекше атап өту қажет. Бұл шарада балабақша методикасындағы жаңашыл технологияларды таныстырдық. Семинардың өту барысына келсек, тәжірибе алаңына

өткізу бағытында жұмыс істедік. Сондай-ақ балалармен бірге театр және телеарнаға гимаратына экскурсия жасадық. Әр экскурсия күнгі балалардың эмоциясын айтып жеткізу мүмкін емес. Барлығының көзінде жаңа мамандықтарға деген құлшыныс байқалды.



Ақниет БЕГАЛЫ, ересек топ тәрбиешісі, жас маман:

– Бүгінде балабақшада аса назар аударылуы тиіс мәселе – көп баланың ойын ашық жеткізе алмауы. Бала үйдегі уақытын көбінесе ұялы телефонмен өткізеді. Экранға үнсіз қарап отырған баланың тілі дамымайды. Бұл мәселені шешуде бізге түрлі жаттамақ, ертегі-әңгімелер, өлеңдер көмектеседі. Мен тәжірибе алаңында «Логоритмика» тақырыбын алдым. Логоритмика – сөз, қозғалыс пен әуеннің қосындысы. Яғни бала ән айтып тұрып, оның ішіндегі сөздерін ұғынып, оны қимыл-қозғалыспен

сайын баланың да оны орындауға құлшынысы арта түседі. Пилатес әртүрлі құрал-жабдықпен өтеді. Бірақ оны әр тәрбиешінің қолдан жасап алуға мүмкіндігі бар. Гимнастиканы джунгли жануарларының дауысын, қимыл-қозғалысын қосу арқылы түрлендіруге тырыстым.

Әсел АЛДОҢҒАР, мектепалды топ тәрбиешісі, жас маман:

– Семинар барысында «Сиқырлы магнит» зерттеу жұмысын таныстырдым. Мақсатым – балаларға магниттің физикалық қабілетін ойын түрінде жеткізу. Ол үшін ақ халат пен лабораториялық көзілдірік киіп, топтың ішінде әйнекті есік жабдықтадым. Арнайы әуен қосылғанда балаларға зиянсыз түтін шығаратын құрылғының көмегімен әйнекті есіктен топқа кірдім. Сонымен қатар балалар ойын түріндегі қызықты тапсырмаларды орындау арқылы магнитті сан қырынан таныды.



мыс. Осы орайда семинар

барысында «Сіз танитын сиқыршы» атты қызықты тренинг те ұйымдастырылды. Тренингте бала тәрбиесіндегі ананың рөлі қозғалды.

Гүлперизат ОРЫНБАЕВА, балабақша психологы:

– Бала ерекше көңілді қажет етеді. Өмірде сіз де қателестіңіз. Сондықтан балаға «бала» болуға мүмкіндік беру керек. Ол үшін ата-ана бақытты болуы маңызды. Баланы өзімізден жоғары қоюды доғарайық. Бала деп жүріп, әсіресе аналар өздеріне көңіл бөлмей кетеді. Тренингке қатысқан аналарға осыны түсіндіруге тырыстым. Тренинг соңында психологтарға хат таратылды. Хат ішінде

Жаңа оқу жылында барлық білім ордасында жасалатын алғашқы шараның бірі – өткенді сүзгіден өткізіп, алға жоспар құру. Бүгін біз де ұйымдастырылған ауқымды шараның бірін еске алып, оны көңінен тарқатпақпыз. Бұған дейін №3 «Алтын Орда Шұғыла» бөбекжай бақшасында облыстық оқу орталығының жылдық жоспарына сәйкес, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбында облыстық тәжірибе алаңы өтті. Маңызды шараны тарқату үшін маман пікірлерін ортаға салсақ.

ЖАҢА БАҒЫТ – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

арнайы келген қатысушыларды тіркеуден кейін өнерлі балалар көңілді концертпен күтіп алды. Одан кейін балабақша мезіріндегі таңғы астар ерекше жолмен көрсетілді. Яғни қонақтар «Breakfast time» атты әртүрлі пішіндегі ыдысқа салынған таңғы ас түрінен әзірленген фуршеттен дәм татты.

Одан кейін қонақтар балабақша тәрбиешілерінің авторлық «Ойындар кейсі» қызықты ойындар көрмесін тамашалады. Көрмеде ұсынылған ойындардың барлығы дерлік ең алдымен баланың логикасын, моторикасын дамытуды көздеді. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптейтін «Асық fast» сынды ойынды ерекше атап өтуге болады.

Айгүл ТАУБАЕВА, үйірме жетекшісі:

– Тәжірибе алаңында балабақша қабырғасында ұйымдастырылған «Харизма» үйірмесінің нәтижелі жұмысын таныстырдым. Үйірме жұмысының басталғанына 3 ай ғана болса да, балалардың бойында көшбасшылық қабілет шыңдай алды. Үйірмеге сахна мен телевизия саласына қызығушылық танытқан 10 бала іріктеп алынды. Ол балалармен сахнада өзін сенімді ұстау, тілін дамытуда артикуляциялық жаттығулар жасау, актерлік шеберлік сабақтарын

көрсетеді. Бұл баланың тілімен қоса миындағы нейроталшықтары да қатар дамытады. Логоритмика әдісі шетелде кеңінен қолданылады. Менде сұрақ болды, бізде неге жоқ? Ғаламтордағы логоритмикалық жаттығудың көбі орыстілді. Балабақша меңгерушісінің ұсынысымен авторлық «Логоритмика» жинағын жасадық. Оның ішінде оннан астам логоритмика мәтіні, жанына қимыл-қозғалысын баяндайтын арнайы видео түсіріп, QR код көмегімен жинаққа енгіздік. Кітапша семинарға келген барлық әріптестерге таратылды.

Ардақ АМАНГЕЛДІ, ортаңғы топ тәрбиешісі, жас маман:

– Тәжірибе алаңында «Джунгли шақырады» атты пилатес гимнастикасын көрсеттім. Өздеріңізге белгілі, бала күнделікті қайталанатын дене жаттығуларынан жалығып кетеді. Ал біздің мақсат – баланың физикалық қабілетін дамыту. Сондықтан дене жаттығулары түрленген



Әсел ДИХАНОВА, ересектер тобының тәрбиешісі:

– Тәжірибе алаңында ертегі терапиясын таңдадым. Бұл – баланың қиялын, сөйлеу өнері мен шығармашылық қабілетін дамытуда орасан зор пайдасы бар педагогикалық әдіс. «Дос тапқан үйрек», яғни Андерсеннің «Гадкий утёнок» ертегісін балалармен бірге көлеңкелеу әдісін пайдалану арқылы баяндадық. Бір топ бала ертегіні артынан жарық түсіп тұрған қолшатырдың ішіне арнайы қиылған кейіпкер суретінің көмегімен сомдап отырды. Бұған қоса балалардың басқа тобы ертегі барысында айтылған жұмыртқа, су, түрлі-түсті бояу арқылы эксперимент жүргізді.



Сергіту сәтінде балалар нейрожаттығу жасады. Ертегі терапиясында бала барынша өзін ертегі әлеміне түскендей сезінуі үшін арнайы қобызшы мен саксофонистті шақырдық.

Мектепке дейінгі мекеме жұмысының маңызды бір бағыты – ата-анамен жұ-

қатысушы аналардың бала күніндегі суреті бар еді. Олар өздеріне айтпай, бұл суретті қалай тапқанына таңғалып, көбі бала кездегі бақытты шақтарына ойша саяхат жасағандай болды.

Тәжірибе алаңы балабақшаның өн-өуез жетекшісі «Орф педагогика» атты шеберлік сағатымен аяқтады.

Сәуле ЕРМАНОВА, өн-өуез жетекшісі:


– Карл Орф негізін қалаған бұл педагогикалық әдіс әлемнің 40-тан аса елінде қолданылады. Оның әдістемесіне сүйенсек, маңыздысы музыкаға баланы дыбыс пен қимыл-қозғалыс арқылы баулу. Орфтың ойынша, бала тек тыңдап ғана қоймай, өзі де авторлық туындыларын жазуы тиіс. Осылайша біз музыкадан хабары бар баланы ғана емес, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Сонымен қатар арнайы ойын мен жаттығулар арқылы семинар қатысушыларына бала дамуындағы музыканың рөлін жан-жақты түсіндіруге тырыстым.



P.S.

Семинар соңында келген қонақтар өзара пікір алмасып, тәжірибе алаңын ұйымдастырған ұжымға алғыс білдірді. Пікір айтқан адамның көбі бұл шарадан көргенін өз тәжірибесінде қолданатынын айтты. Бұл мақаланы жазудағы ойымыз да осы. Аудандардың бірінде жастар газетін қолына алған жас тәрбиеші жазылғанның ішінен өзіне идея мен оны жүзеге асыратын шабыт алса өткен семинардың да, жазылған мақаланың да өз мақсатына жеткені.

Әсел БЕГМАН, №3 «Алтын Орда Шұғыла» бөбекжай бақшасының педагог-ұйымдастырушысы



**«БИЗНЕС АЛПЕСІН АНДАШЫҒА ДАҒЫЛ»
ЕРТЕ ОҚЫТСАҚ, ҰТАРЫМЫЗ КӨП»**



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Kuzylorda Hub» бизнес инкубаторы жұмысын жалғастыруда. Орталық студенттердің кәсіпкерлік жобаларын үйлестіріп, дамытуға көмек беріп келеді. Қазір мұнда білім алушылар өз жобасын дамыту үстінде. Орталықтың көмегімен студенттік жобаларға миллиондаған инвестиция да құйылған. Осы орайда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті кәсіпкерлік орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев жас кәсіпкерлерге арналған бірнеше сауалдарға жауап берген еді.

– Жанарыс Алтынбекұлы, стартап жобалардың басы-қасында жүргеніңізге біраз уақыт болды. Бүгінде кәсіп бастасам, идеямды игілікке айналдырсам деген жастардың қатары артты ма?

– Кәсіпкерлік саласына келгеніме 4 жылдан асты. Бұл салаға қызығушылық мектеп қабырғасынан басталды. Сол кезден бастап кәсіпкерлікті меңгеріп, қазіргі таңда медиа және білім саласында кәсіп жүргізудемін. Сонымен қатар жастарға кәсіпкерлік әліппесін үйретіп келемін. «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек» деп Абай атамыз айтпақшы, әрбір адам жұмысымен қатар кәсіпті серік етуі маңызды. Жаһандану заманында жанама табыстың болғаны да жақсы. Бұған қоса негізгі мамандыққа сай бизнес ашуға болады, яғни мұғалім болса қосымша мектеп ашуға, ал дәрігер болса болашақта жеке

клиниканың іргетасын қалап, бизнесті өрбітуге болады. Жастарға осыны жиі айтамын. Себебі бизнес ашу маңызды. Неге? Өйткені, бизнестегі алғашқы қадамдар тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Ол қалай? Көптеген студенттер оқу аяқталғанша тұрақты жұмысқа тұра алмайды, бұған себеп дипломының жоқтығы. Ал егер өз саласы бойынша шағын кәсіп ашса, ол жас маман үшін үлкен сабақ болмақ. Оған қоса жастық шақтағы қаржылай қателіктер жаңа мүмкіндікке жол ашып, ысылуға мүмкіндік сыйлайды.

Әлем бойынша табысты кәсіп ашқан адамдардың орташа жасы – 34-35. Бұл – дәл осы жасқа жеткен кәсіпкерлер жастық

шақтағы олқылықты ескеріп, бизнесте бағытын тапты деген сөз. Қазір біздегі қарқын жаман емес, талапты, талантты жастардың аяқалысы қуантарлық деп айта аламын.

– Соңғы кезде университеттегі стартап жобалар жайлы жиі естіп жүрміз...

– Қазір университетте 46 студент 46 идеяны өздігінше жүзеге асырып жүр. Тікелей университет арқылы қолдау тауып, жыл бойы бізбен жұмыс істеуде. Орталықтың көмегімен студенттік жобаларға 56 миллион теңгеден астам инвестиция берілді.

– Қандай бизнес салалары қазір сұраныста және нәтижелісі қайсы?

– Сұранысқа ие бизнес салалары – өндіріс, инновациялық технологиялар, IT және медиа жобалар. Табысты бизнес жобалар деп білім, медицина, балаларға арналған қызмет түрлері, өндірістік нысандар, жеңіл өнеркәсіп, IT технологияларды айтар едім.

– «Kuzylorda Hub» бизнес инкубаторы быыл қанша студенттің идеясын жүзеге асыруға ықпал етті?

– Быыл бізде үлкен прогресс бар, өйткені республикалық дәрежеге шықтық. «Astana Hub» халықаралық технопаркінің Қызылорда бойынша өкілетті офисі ретінде тіркелдік. Қазір осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Сондай-ақ 3 жаңа бағдарлама қосылды.

– Жаңа инкубациялық бағдарламалар туралы айтсаңыз...

– Осы уақытқа дейін сұранысқа ие болған бағдарламалардың бірі – «KBN startup». Қазіргі таңда «Startup Joly» инкубациялық бағдарламасы жұмысын бастады. Мақсаты – инновациялық

стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларды қажетті ресурстармен, біліммен және қолдаумен қамтамасыз ету, кәсіпкерліктің әртүрлі аспектілері, соның ішінде идея, маркетинг, сату, қаржы және құқықтық мәселелер бойынша дағдыларды арттыру, инновация, технология және кәсіпкерлік саласындағы халықаралық аренада аймақ пен елдің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру. Жобаның ұзақтығы – 6 апта. Жастарды 5 апта ішінде семинар-тренингтерге қатысып, практикалық тәжірибе алуға бағыттаймыз, қалған 1 аптада жоба дайындалып, Demo Day кезеңіне шығады. Demo day – инвесторлар және де басқа қызығушылығы бар ұйымдардың жобаны қарап, іріктеуден өтуі. Биыл осы бағдарлама 2 мәрте ұйымдастырылады. Бірінші кезең 14 тамыз бен 15 қыркүйек аралығын қамтиды, ал келесісі 18 қыркүйек күні басталып, 27 қазанға дейін жалғасады. Қазір өтінімдер саны – 57. Жалпы жұлде қоры – 2 млн теңге.

– Осы жобалардың барлығына қаржы мемлекеттен бөліне ме? Әлде оған арнайы демеушілер инвестиция құя ма?

– Коммерциялық емес, донорлық ұйым болғандықтан барлық жоба бойынша «донор» бар. Кейбір проектті өз ақшамызбен қаржыландырамыз, ал кейбірі мүлде тегін ұйымдастырылады. Онда тек бірен-саран жұлде қоры қарастырылған, ал шығынды шараларды мүмкіндігінше жергілікті мемлекеттік органдар көтереді. Кейбір бағдарламалардың қаражатын демеушілер ұсынады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен
Нұршат НЫШАНОВА



Жастар және отбасы комитеті мен Кәсіподақтар федерациясының жанынан ашылған «Келешек» жастар кеңесі меморандумға қол қойды. Құрамында 400 мыңнан астам мүшесі бар кеңес жас жұмыскерлердің құқығын қорғап, ұсыныстарын қабылдайды.

ЖАСТАР КӘСІПОДАҚТАРЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕРДІ ҰСЫНДЫ

Меморандум аясында тараптар жұмыссыздық пен еңбек жағдайын жақсарту мәселелерін шешуге бірлесе жұмылады. Саяси процесстерге көбірек қатысып, бейресми сектормен жұмыс жасау жастар кәсіподақтарының жаңа трендтері. Бұдан бөлек, «Келешек» кеңесін еңбек нарығындағы тұрақсыздық, әлеуметтік қолдау мен жас жұмысшылардың төмен жалақы алатыны қынжылтады. Мәселелерді шешу үшін кеңес жастар және отбасы істері комитетімен бірлесіп жұмыс істеуге келісті.

– Ең басты мақсат – жұмысшы жастарға қолайлы жағдай жасау. Олардың құқығы мен мүддесін қорғау. Қандай да бір ұсыныстары болса, жоба ұйымдастырғысы келсе, осы меморандумның аясында көмек көрсете аламыз. Бүгінгі таңда елімізде 100 мыңнан астам жас жұмыссыз жүр. Осы орайда тараптар еңбек құндылықтарын насихаттап, жастардың өзін өзі жұмыспен қамтуына жағдай жасамақ, – деді ол.

Бүгінгі таңда 15-ке жуық республикалық жастар ұйымдары бар. Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы арқылы ұйымдарды қаржыландыру, гранттар бөлу жұмыстары үйлестірілуде. Енді болашақта жұмыссыз жастардың мәселесін шешуге бағытталған жас гранттар ұсынылуы да мүмкін. Биыл Кәсіподақтар федерациясының жастар кеңесінің алдында тек ұлттық емес, халықаралық деңгейдегі міндеттер тұр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Айта кетейік, жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға, қалалар мен елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға, жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған осы қозғалыс қатарында жыл сайын 2000-ға жуық жас еңбек етуде. Биыл жасыландыру маусымында оның ішінде аплея, сквер, алаңдар мен парктерде көгалдандыру, тал егу жұмыстары жүргізіліп, жалпы көлемі 50 гектардан астам аумақты қоқыстан тазалау шаралары атқарылды. Былтырдан бастап Байқоңыр қаласының жастары да «Жасыл ел» жобасына қатыса бастады. Жыл сайын 150 қала жасы маусымдық жұмыспен қамтылып, белгіленген еңбекақысы өтелуде. Дей тұрғанмен, бұрындары арнайы формасымен көшеде көзге бірден түсетін жасыландыру қазір байқай бермейміз. Шынында олар қайда, не істеп жүр деген сұрақ кейде тұратыны жасырын емес. Бұл бағытта биыл аталған жобаны жүзеге асыруды мойнына алған «Самғау» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғалымжан

Камаловпен өңгімелескен едік. – Өрине, бұрын «Жасыл елді» бірден байқайсыздар. Өйткені, ол кезде арнайы формасы болатын. Қазіргі техникалық ерекшелікте форма жоқ. Біз бұл мәселемен бірнеше мәрте сауал тастадық. Екі жылдан бері форма талапқа кірмей тұр. Ал техникалық

болса, оның арғы жағында тұрмысы төмен, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына қол ұшын беру шарасы да тұр. Бүгінде жасыландыру ең төменгі айлық жалақы көрсеткішіне сай 70 мың теңге еңбекақы алады.

– Жастардың қызығушылығы жоғары. Оған бірнеше себепті мысалға келтіріп айтуға болады. Бірі айлық жалақысына қызығады,

енді бірі бос уақытын тиімді пайдаланады. Табыс тауып, отбасына көмектеседі. Қалай дегенмен де, олардың жасақ қатарына енуінің артында жақсы нәрсе тұрады. Біз мұндай бағыттағы іс-шаралармен жастарды дұрыс жолға бағыттаймыз, – дейді Ғ.Камалов.

Бұрындары ауыл балалары үш ай каникулын егіс басында қамыс орып өткізетін. Оның бір ерекшелігі – ала жаздай орған қамысын күз таяғанда сатып, пұл қылады. Ал тапқан ақшасына мектепке барар су жаңа киім мен басқа да қажеттіліктер алатын. Өрине, бұғанасы қатпай жатып, еңбектің дәмін татқан әр бала есейгенде де жауапкершілік жүгін сезінетіні анық. Бұл ретте, облыс орталығындағы жастар үшін «Жасыл елдің» қажеттілігі зор болып тұр.

Дәулет ҚЫРДАН

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАРҒА НЕ БЕРЕДІ?



ерекшелікте болмаған нәрсеге қаражат қаралмайды. Сіз қазір жасыландыру неге көрінбейді деп алаңдамасаныз да болады. Қала орталығында, алаңдар мен демалыс орындарында еңбек етіп жүрген жастардың дені – жасыландыру. Олардың еңбегі – адал, – дейді Ғалымжан Камалов.

Жобаның негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты еңбекке баулу



САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЕСКЕРУ КЕРЕК

Шиелі ауданында екі сөби газдан уланып, қайғылы оқиға орын алды. Оқыс оқиғаға байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде шұғыл брифинг өткізіліп, сала мамандары тұрғын үйлерде сақтық шараларын сақтауды ескертті.

– Шиелі кентінде Н.Бекежанов көшесіндегі жеке тұрғын үйде алдын ала болжам бойынша табиғи газдан уланып, 2017 және 2020 жылдары туған екі бала қаза болды. Оқиға орнына ТЖД жеке құрамнан 1 қызметкері барды. Қазіргі таңда тексеру жұмыстары жүргізілуде, – деді облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Плалұлы.

Сондай-ақ, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ мамандары тұтынушылардан тұрмыстық газды пайдалану кезінде жіберетін қателіктерді айтып, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ескертті.

– Жазатайым оқиғалардың басты себептері – мұржаның түтін тартпауы, желдету арналарының, терезелердің ашылмайтын-дай орналасуы, газ аспаптарында оқыс жағдай кезінде газды сөндіретін автоматиканың болмауы, газ аспаптарын қараусыз қалдыру, тұрақты техникалық қызмет көрсетуді елемеге. Газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздікке деген мұндай неғұнрайлы көзқарас кейде қайғылы салдарға әкеледі. Ал, өзіңізді қалай қорғауға болады? Үй-жайда газдың иісі байқалған кезде жабдыққа дейінгі және жабдықтың өзіндегі қандарды дереу жабу, терезелер мен есіктерді ашу, желдету, сіріңке жақпау, темекі шекпеу, электр аспаптарын қоспау және өшіру, 104 телефоны бойынша авариялық қызметті шақырту қажет. Бұған қоса, үйшілік газ құбырлары мен газ аспаптарына уақытылы техникалық қызмет көрсетуді жүргізу маңызды, – деді Жайық Еділұлы.

Егемендік алып, өлем елдерімен тереземізді теңестіріп, керегемізді көңейттік. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқаламаса да», соған жетеғабыл күй кешудеміз. Өлем дамыған қоғамға аяқ басты, біз де ілесіп келеміз. Десек те, тұрғындардың түйткілі тарқамай тұр. Кеше ғана әлеуметтік желіден Абай даңғылының бойындағы көпқабатты үйлердің ауласын кісі көңілі толарлықтай, көздің жауын аларлықтай етіп жасалғанын көріп, қызығып қалдық.

бөліктеріне жөндеу жасауды сұрап отырғанымыз жоқ. Бар болғаны, кабельдерді жиыстырып, арнайы қорапқа салуды сұрадық. Жоғарыда атап көрсеткен үлгілі аулаларды атағанымыз «Байдың асын байғұс қызғанады» дейтіндер табылар. Бірақ, жағдай баршаға ортақ жасалса екен. Бұл мәселені биыл ғана емес, бұған дейін де бірнеше мәрте көтердік, айттық. Бірақ шыбын шаққан құрлы көрмегеніне өкпелейсің. «Подъезді жөндеп бер» деп тұрғанымыз жоқ, бар болғаны кабельдерді реттеу. Әрине, бұған арнайы

алдына түсіп жүгіретіндей бізге не күн туды?! Осындай жағдайлардың артында біз көлеңкеде қалып қойып жатырмыз. Аулада кемінде 15-20 бала бар. Олар да – осы мемлекеттің болашағы. Күні бойы кітаптан бас алмай оқығанмен, ара-тұра бой сергітіп, салауатты өмір салтын ұстанып, спортты да серік етуі керек емес пе?! Ол үшін бізге Алматыдағы Алатауды арқалап, Қызылордаға әкелудің қажеті шамалы?! Бізге дені сау, білімді ұрпақ керек. Оларды осы бастан жағдай жасап, ел қамын ойлауға бағыттасақ екен. Ауладағы футбол

Мың рет естігенше, бір рет көзбен көрген жақсы. Мәселе бары рас, бірақ соның шешілетініне үміт те білте шамның жарығындай сығырайып барады.



ОТБАСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ ОТАНДЫ НЫҒАЙТАДЫ

Ұлт болашағы мен мемлекет тұғырында отбасы – ең басты құндылық. Сондықтан мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада көшенді саясат жүргізуді жүйелі жалғап келеді. Мерейлі күннің мереке ретінде белгіленуі соның айғағы.

Парасат-пайымы әр сөзінен көрінген бабалар «Отан – отбасынан басталады» дейді. Адам баласына алыста жүрсе де, жүрегінде бірге өмір сүретін қазынасы – отбасы болса, ер азаматтың еңсе тіктеп, болашағын жоспарлайтын, әйелдің ырысты еселеп, ынтымағын қамтамасыз ететін, балалардың береке мен мерекеге толтыратын мекені – шаңырақ. Қасиетті мекенде бойымызға дарыған тәрбие, елге, жерге деген сүйіспеншілік, ар-намыс қағидалары өмір бойы бізді жетелеп жүреді.

Әке ретінде жаһандық өзгерістер заманында осы отбасы құндылықтарын сақтап қалу, сол арқылы жаңа әлеуметтік жаңғыру кезеңіне аяқ басу, бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарау аса қажет қадамдардың бірі деп білемін. Халқымыздың өмірден түйген даналық өлшемі, тәжірибемен келген ордалы ой тұжырымдары отбасынан басталатын тәлім-тәрбиенің ақиқаттығын дәлелдейді. Табандылық, еңбексүйгіштік, туған жерді қастерлеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береріне сенім мол.

Оның үстіне бүгінде ел азаматтарының саны 19 миллионнан асуы көңілге қуаныш ұялатады. Бұл ретте әрбір қазақстандық отбасының өркендеуімен Қазақстанымыз, Отанымыз нығая берсін деген тілек білдіргім келеді.

Хасен АМАНЖОЛОВ

ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛСА, БАЗЫНА АЙТЫП НЕМІЗ БАР?!

Біз, Бегім ана көшесі, №3 үй тұрғындары ауамызды таза ұстап, бар нәрсенің қадірін білуге дағдыланғанбыз. Десек те, биыл жазда еңбек демалысын пайдаланып, подъездерді жөндеуге кірістік. Бәлкім, «Қазақтелеком», бәлкім электр энергиясы мекемелерінің ток кабелі ме, әйтеуір, тікенекке тырналған тон тәрізді жалбырап, сиқымызды қашырып тұрған. Бірнеше мәрте тиісті мекемелерге хабарластық. Қызылорда қаласы әкімдігіне де өтініш айттық. Бірақ, қозғалған бірі жоқ. «Назарға алынды» дегеннен басқа нәтиже көрмедік. Титімдей ғана тірліктің әлдеқашан атқарылар кезі болды. Бұл мекемелерден үйіміздің ішкі

қаражат қарастырып та қажеті жоқ. Мұнан бөлек, ауладағы ойын алаңы да жетімнің күйін кешіп тұр. Ел қатарлы балалар ойнай алмайды, жағдай жасалмаған. Мұны да сұрамасақ, ел ағалары аяқ басып келіп көргісі жоқ. Сонда біз кімге сеніп жүрміз?! Әрине, сеніп жүргенде отбасымызды тапсырып, балаларымызды оқытып емес, мемлекеттің жасап отырған жағдайын бізге де бағыттаса деген ой. Айтайын дегенім, мерзімді басылымға жазып отырғаным, бүгінгі қоғамның түйткілі шымбайға батып тұрғанынан. Әлеуметтік желіні кім шулатса, соның

алаңына газон төсеп, ба-

лалар ойын алаңын асфальттап, үйдің қасбетін реттеп берсе деген ой. Құрметті ел ағалары! Демеушілік көздерімен жол тауып, аулаларды абаттандыруға кірісу құптарлық іс. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

Тұрғынның айтқан түйткілінің қаншалықты оң шешім табатынын білмеймін, бірақ елдің дамуы халыққа жасалған жағдаймен өлшенетінін ұмытпасаңыздар екен. **Ақмаржан ЖАҒАБАЕВА,** Қызылорда қаласының тұрғыны



Ол маған келе жатты. Иығында сары сәмкесі. Әдеттегідей... Сондай сұлу! Тамтұмдап көзінен жас тамады. Әр тамшысы жүректі тесіп кетердей. Жер қалай шыдап тұрсың. Жыламай... Жо, жоқ аспанның көзі жасаурап жатыр екен ғой. Бабаурайды ғой баурай. Сол сезімнен, сол кезіңнен аумай. Қандай мұңлы. Сондай сүрең. Ақын жүрегі жаураған. Сосын қыздың денесі. «Суық жер қойнына алғанша арамыз суымысың» деді менді қыз. Енді біз қайтер екенбіз!? Соғысы үдеп, жүрек жүдеп барады. Жапырақсыз қалған теректей телміріп қаппын. Мендім мені құшақтап алды. Қара бұлтты қақ жарып найзадай найзағай соқты. Оның жүрек соғысы сынды. Жасын да оған жетеғабыл еді. Күрсініс. Булыққан ыза. Рай да дәл ондай ашулы емес болатын. Мен де. Мендім менің құшағымда тұрды. Мен оның жүрегінде. Бірақ, әппақ арудың өкпесі қарақазандай тұғын. Кімге!?! Менді қыз үйінің жалғыз жапырағы. Үзілмегенін, қурамағанын, көктемдегідей мәңгі көктеп тұрғанын қалайтын әкесі бар. Анасы қызын дүниеге әкелу барысында дүниеден озып кеткен. Сосын ба, қазалы, жазалы аруға айналғаны. Тағдырдан

қайғы алғаны. Бәймәлім. Әкесі «Анаңның жаны саған қонған» деп оны ешбір еркек кіндіктіге бермейтінін, күйеуге тимейтінін ескерткен. 17 жыл бұрынғы қаза әкенің есін де, көңілді кешін де ала кеткендей. Қабір астындағы қасиетті оның қайта қазып алуына қауһары жетпейтін еді. Есесіне менің Мендім булығып бойжетті. Тұп-тура тұңғыш гүліндей. «Тағы да түн. Айдың сәулесі дененді күйдіргені несі? Жарқырауықтарға сыр айтасың ба, мұңайтасың ба оларды? Сен неге жылайсың, түсінбедім. Жұлдыздар жылап сен туған түн екен ғой. Алты қат жер астындағы анаңды, жеті қат жамылған бабаңды жоқтайтын мезет қазір. Өлде, туған күн тойлағың келе ме?». Әкенің он жеті жыл алақанмен Мендімнің маңдайына жырып жазған жыры осы. Көз жасын шарап қылып ішіп, өз басын ұйыққа тыққан әке әлемі басқа. Сарша тамызың алғашқы жұлдызы оның отау тіккен күні. Болашақтан бақыт күткен күні. Ол той

болған орында екі адамға тапсырыс беріп, өзі жалғыз үйленген күнін атап өтеді. Жыл сайын сүйтеді. Мұңын ішеді, құса төгеді. Темекіні теріс шегіп, ит сорпасы шығып отыратын. Қасиет кеміп, жер беті қасиреттерге

РЕНІШ – РЕКВИЕМ

толса, көк аспан қайтсын жыламай?! Тағдыр да тек қана жүрегі барларды еңіретіп қояды емес пе? Боз дала, боз аймақ, боз үй, бозарған жүз, боздаған жүрек. Оның өмірі. Кезекті рет Мендім іздеп келді. Жаңбыр жауа сала ақын жүрегін сағынатын. «Нәсер құдайдың көз жасы» дейтін ол. Бұл – тәңірмен, оның анасымен тілдесетін сәт. Мен оның тұтқасы іспеттімін. Құшақтаса, қолымнан қысса ғана басқа әлемге кетіп, тіпті мені де ұмыта салатын. Тарыдай меңде талай сері жігіттің таба алмай кеткен бақыты бар еді. Мендім аққудан да ақ, аспаннан да кіршіксіз көңіл іздеді. Үмітін үзбеді. Ботам, бірақ, басқа базынасын жеткізген бұл жолы. Тырбаңдап тырна тізбекке қосылғысы жоқ, әкені ажалдың оғы атып түсіріпті. Сағыныштың уын уыстап ішіп жүрген жалғыз жапырағым


сарғайып кеткені соншалық, үндеуге дәрмені жоқ. Кімді күндейді, кімді тілдейді. Білмейді.

Ақын және ару. Жер бетінде біз ғана қалдық. Аққаланы құшақтап жылынған жүрек секілдіміз. «Жебе қадалған жүрек». Неге? Мендім жаңбырдан да жиіркеніп кетті. Ол өзін маған сыйлады. Біз бал тамған бұлттың арасында бал айын өткіздік. Ай аймалап, жұлдыз жылытты, күн көңілімізді көтерді. Ақын жүрегі жырдан жауын шашты, бірақ, тағдырдың қабағынан қар мен зар жауып тұрды.


Сағаттар сырғып, жылдар жылжып жатты. Бақытты едік. Мен жырға, ол ұлға толғатып жатты. Шыңғырғаны жанымды шымшып алардай. Шылбыр ұстарым келе жатыр. Дәрігер солай деген. Бәрібір, тек жұмақты иіскейінші. Тәңір жылап тұрған түні, тарпаң тағдырдың желөкпе желі менің Мендімді, жалғыз жапырағымды үзіп алып кетті. Бауыр етім екеуімізді тағы жалғыз қалдырып... Жалғыз!

Тоқал там. Терезеге телмірген тентек ұлым. Ал, мен мейманханадамын. Үйленген күнім. Екі адамға тапсырыс бердім. Жалқымын... Оны күтіп...

Айдар САЙЛАУОВ



АННА – US OPEN ЧЕМПИОНЫ



Қазақстандық Анна Данилина микстен алғаш рет US Open турнирінің чемпионы атанды.

Ол аралас жұптық сын финалында финляндиялық Харри Хелиоваарамен бірге жарыстың бірінші ракеткасы, америкалықтар Джессика Пегула – Остин Крайчекпен бас жүлдені сарапқа салды. Бірінші партида брейк жасаған қазақстандық-финляндиялық жұп сол басымдықты сақтап қалды – 6:3. Олар екінші сетті де брейкпен бастағанмен америкалықтар таразы басын теңестірді – 2:2. Содан кейін Анна мен Харри тағы бір брейкке қол жеткізіп, матчты жеңіспен түйіндеді – 6:4.

Бір сағаттан астам уақытқа созылған бәсеке барысында олар 7 эйс жасап, 6 брейк-пойнттың тең жартысын пайдаланды. Осылайша, Анна қазақстандық теннисшілер арасында алғаш рет микстен турнир жеңімпазы атанды.

Марапаттау рәсімінде Анна қарсыластарын жақсы ойынмен құттықтап, жанкүйерлерге алғысын білдірді.

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА АЯҚТАЛДЫ



Қазақстан самбошылары 93 медаль жеңіп алды.

Орал қаласында самбо күресінен спорт шеберлері арасында әлем чемпионаты аяқталды. Спорт шеберлері арасындағы әлем чемпионатына 19 елден 600-ден аса спортшы қатысты. 49 медаль жиынтығы үшін күреске түскен балуандар Жайықтың жағасында шеберлік байқасты.

Ерлер мен әйелдер арасында өткен әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының спортшылары 22 алтын, 24 күміс, 47 қола медаль иеленіп, жалпыкомандалық есепте 1-орынға тұрақтады. Халықаралық самбо федерациясының атынан күрескен балуандар 22 алтын, 16 күміс, 31 қола медаль олжаласа, үштікті Өзбекстан құрамасы түйіндеп, 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль еншіледі.

Айта кетсек, Самбо күресінен спорт шеберлері арасындағы әлем чемпионаты соңғы рет 2019 жылы Кипрде өткен еді.

ВОЛЕЙБОЛДАН АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ



Жаңақорған ауданында Байкенже ауылының құрметті азаматтары Сағынбай Мұрсаұлы мен Рауза Құдіретілпақызын еске алуға арналған волейболдан ерлер арасында аудандық ашық біріншілік өтті.

Жарысқа қала, кент және ауылдық округерден 5 команда қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Байкенже ауылы, II орынды Қырқеңсе ауылы, III орынды Кентау қаласы иеленді.

Жеңімпаз командалар мен жүлдегерлер аудандық мәдениет және спорт бөлімінің грамоталарымен марапатталды.

Жуырда ел мерейін асырған айтулы дода – Қазақстан мен Солтүстік Ирландия құрамалары арасында кездесу өтті. «Астана Арена» стадионында ұйымдастырылған аяқпоз додасын тамашалауға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, спортшыларға жанкүйер болды.

Расында, 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңіндегі кезекті ойын тартысты өрбіді. Құрама сапындағы Бақтиер Зайнутдинов, Нұралы Әліп, Асхат Тағыберген секілді саңлақтар Н кіші тобынан суырылып шығуға барын салуға мәжбүр. Өйткені, бұған дейін Финляндиямен өткен ойында қапы қалып, жеңісті қолдан бергеніміз бар. Оның үстіне Ирландия ежелгі қарсылас. Бұрынғы кездесудің бәрінде басымдық көрсетіп жүрген еді. Содан болар, «Астана Арена» стадионындағы тартысқа қазақстандық команда ерек дайындалғаны көрінеді.

Ойынның алғашқы минутынан отандастарымыз озық шықты. Алдымен Бақтиер Зайнутдинов қақпаны нысанаға алған, әйтсе де тепкен добы бағанадан сәл қиыс кетті. Мұнан соң Нұралы Әліп алаң ортасынан доп алып, бірнеше ойыншыдан сытылып шықты. Тіпті айып алаңына дейін енді. Бірақ соққысын дарыта алмады. 27-минутта Абзал Бейсебеков Максим Самородовқа әдемі пас шығарды. Ал екіншісі, өз мүмкіндігін мүлт жібермей, Қазақстанды алға шығарды. Сәлден соң Абзалдың алыстан бағыттаған добы қақпаға кіре жаздады. Мұнан соң Максим де алыстан соққы жасап көрді. Алайда қорғаушыларға тиіп, доп кері серпілді. Осыдан кейін біздің жігіттер шабуылды үдете түсті. Тайм соңына дейін Тағыберген, Оразов, Самородов үштігі қонақтарды біраз әбiгерге салды. Оның үстіне Абзал мен Бақтиер қос қапталдан үздіксіз пас асырумен болды. Дегенмен ойынның бірінші бөлігінде басқа өзгеріс көрмеді.

Ойынның екінші бөлігінде алаңға Абат Айымбетов, Исламбек Қуат және Аслан Дарабаев шығып, орталық алаңды серпілті. Дегенмен Адиев шәкірттері есепті еселей алмады. Есесіне өздеріне гол да жібермеді. Өйткенмен, бұл таймда қонақтардың басымдығы айқын білінді. Алаңға тыңнан қосылған Томпсон, Смит пен Чарльз ұлттық құрамаға біраз қиындық тудырды. Әсіресе, 54-минутта Маккан Щацкий қорғаған қапаға гол соғып, таразы басын теңестіруге мүмкіндік алды. Бірақ оның соққысын Марат Быстыров дер уақытында тоқтатып үлгерді. Ал 80-минутта Қуат алыс бұрышты көздеген, алайда Бэйли Пикок-Фаррелл қолын тосып, допты алаң сыртына шығарып жіберді. Ойынның бітуіне санаулы минут қалғанда Зайнутдинов бұрыштамадан доп асырған, алайда Тағыберген бұл мүмкіндікті пайдалана алмады.

Осы ойыннан кейін ұлттық құрамамыз 12 ұпай еншілеп, топтағы орнын нығайта түсті. Өз тобымызда төртінші орынға түскенмен, көш басындағы командалармен арамызды 1 ғана ұпай бөліп тұр.

Шыны керек, қазір Н тобындағы жағдай шиеленісіп кетті. Өйткені Дания сырт алаңда Финляндияны 1:0 есебімен тізе бүктірсе, Словения Сан-Мариноға жауапсыз 4 гол соқты. Осы есептен кейін Дания мен Словения 3 ұпайдан жинап, 13 ұпаймен көш бастаса, Финляндия мен Қазақстан 12 ұпаймен үшінші және төртінші орынға жайғасты. Дегенмен Еуро-2024 жолдамасынан үміт үзбейміз. Ұлттық құрамамыздың өлі 4 ойыны бар.



Мүмкіндік те жоқ емес. Алғашқы айналымда жеңген Солтүстік Ирландияны қайта сүріндірдік. 6 турда да гол соқпаған Сан-Мариноны қайта ойсыратарымыз айтпаса да түсінікті. Тек Словенияда кеткен есені қайтара алсақ, олжа. Себебі Даниямен ойын қиынға соғады. Олар бізді екі рет ұтқан фин футболшыларын алғашқы және қарымта ойында да қапы қалдырды. Оның үстіне бірінші айналымдағы нәтиже үшін тісін қайрап отырған болар.

P.S. Бұл жеңіспен тоқтауға болмайды. Алдағы айларда тағы да тартысты дода көрсетіп, шеберлік таныту қажет. Сонда ғана Еуропа чемпионатының іріктеу сатысына тікелей жолдама алуға мүмкіндік бар. Спортшылардың ынтығасы мен жанкүйерлер қолдауынан байқағанымыз, жеңісті күн алыс емес секілді.

А.АҚТАН

маусым бойы шеберлігімен танылған Зизу 1996 жылы Франция біріншілігінің үздік ойыншысы атанды.

Сол жылы Италияның

Жұмыр жердегі ең жанкүйері көп спорт түрі футбол екені даусыз. Теңбіл доп аламында қос қақпаға гол соғып, мергендігімен танылып жатқан жұлдыздар жетерлік. Десе де тек жасып алаңдағы өдемі ойын өрнегімен ғана емес, қайырымды істерімен де жанкүйерінің сүйіктісі атанып жүрген футболшы жетерлік. Сондай жанның бірі алатын айлығын тек бас пайдасына жұмсамай, өлге көмектесетін үшінші қақпа үздігі – Зинедин Зидан.

«Ювентус» командасына шақырту алды. «Карт Синьора» сапында да жасындай жарқылдап, екі мәрте Италия біріншілігінің чемпионы, бір рет Италия және УЕФА суперкубогының жеңімпазы атанды. Кейін Испанияның «Реал Мадрид» клубында өнер көрсетті. Зидан «Корольдік клубқа» келген жылдары аталған клубтың сапында Роналдо, Роберто Карлос, Бэкхэм сынды жұлдыздар өнер көрсетті. Өйтсе де, «Галактикос», яғни кіл жұлдыздар атанған командада Зизу тасты жарып шыққан гүл сынды жігерімен, өзінің ойын үлгісімен танылып, дүйім жұрттың сүйікті ойыншысына айналып, төрткүл дүние көз тіккен чемпиондар лигасын жеңді. Жасып алаңда керемет ойын үлгісімен көрсете білген жартылай қорғаушы Испания біріншілігінде топ жарып қана қоймай үздік ойыншы атағына ие болды.

Зидан ұлттық құрама сапында да ұлы футболшы бола алды. 1994 жылдың тамыз айынан бастап дүбірлі додаларда елінің намысын абыроймен қорғады. 108 ойында 31 гол соқты. 1998 жылы

Әлем чемпионы атанады. 2006 жыл. Әлем біріншілігі. Байрақты бәсекеде Франция құрамасы кездескен қарсыластарын қоғадай жапырып, финалға жолдама алады. Ақтық сында Италия құрамасын жолықты. Бірақ Франция мен Италияның финалдық кездесуінде күтпеген жағдай орын алып, алаңда балағаттағаны үшін итальяндық Марко Матерацидді басымен ұрып құлатқан Зиданға қызыл карточка көрсетіліп, алаңнан қуылады.

Бір ойыншыға кем ойнаған француздар кездесу соңындағы пенальтиден италиялықтарға жол

алып, өз мұражайына қойды. Ал 2007 жылы Марко халық алдында Зиданнан кешірім сұрайды. 2009 жылдан бастап бапкерлік жолын бастаған ақылды да қайратты ойыншы дәл қазір білікті бапкер. Кезінде өзі ойнаған «Реал Мадрид» командасын жаттықтырады. Ол өзі дайындаған шәкірттерімен талай белестерді бағындырды.

Зидан – жасып алаңда ғана емес, өмірде де үлгі алатындай жан.

Ол тағдыры талқыға түскен жандарға қолда барын бөліп, аз қамтылған отбасылар үшін қайырымдылық шараларын жиі ұйымдастырады. Тапқан-таянғанын жарлы-жақыбайға көмек ретінде аударады. Онымен қоса достарын шақырып, қайырымдылық футболын ұйымдастырады.

Кездесуге жиналған қаржыны тұрмысы төмен отбасыларға, Африкадағы аштықтан зардап шеккен жандарға үлестіреді. Туған қаласындағы жас футболшыларға қамқорлық танытып, олардың қаржылық жағдайының барлығын өзі көтереді. Осы секілді елдегі жетім-жесірлерді қолдау үшін де түрлі балалар үйіне қыруар қаржы бөлген. Алжирдегі балалар емханасына көмектескен. Ең кереметі, Рамазан айында Францияның түпкір-түпкірінде мұсылмандар үшін ауызашар өткізеді.

Шоқтығы биік санлақ, өз басынан елін, отбасын жоғары қоятын рухты ұл. Оның туған еліне деген адалдығы мен сүйіспеншілігі ғажайып ғибраттың қайнары. Жұртының атымтайы атанған нарғасқа азамат футболдың ғана емес, үшінші қақпаның да үздігі.

Бетті дайындаған **Берен ШАҒЫРОВ**

ТОҒЫЗ ЖАСАР КАПИТАН



берді. Зидан

жанкүйерлерінен кешірім сұрап, күллі әлем көз тіккен чемпионаттан кейін спорттағы мансабын тоқтататынын мәлімдеді. Төртін бұзғанына қарамастан Зинедин өлем біріншілігінің үздік ойыншысы атанады. Кейіннен Зиданның Матерацидді басымен ұрып тұрған сәтінгі мүсінді жасалды. Алғашында Парижде тұрған бұл мүсінді Катар елі сұратып

